



050013, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 22 үй,  
Тел.: 8(727)292-60-25

050013, г. Алматы, ул. Сатпаева, 22  
Тел.: 8(727)292-60-25

Satbayev University Этикалық комиссиясының Қорытындысы

«16» 03 2026 ж.

Алматы қ.

1.	Докторанттың тегі, аты-жөні	Базарбай Лашын
2.	Докторантураның мамандығы (білім беру бағдарламасы)	6D071600 – «Аспап жасау»
3.	Докторантурада оқу кезеңі	2018-2021 жж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	«Су көрсеткіштерін бақылаудың мультисенсорлық жүйесін әзірлеу», 26.06.2025 ж.
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы мәліметтер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы мен жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	Бактыбаев Мұрат Қырғызбайұлы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университет (ҚР); Михайлов Петр Григорьевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Пенза мемлекеттік университеті (Ресей)
6.	Зерттеу нысандары	Су сапасының негізгі физикалық-химиялық көрсеткіштерін бақылауға арналған IoT технологиясына негізделген мультисенсорлық өлшеу жүйесі. Зерттеу барысында су ортасының параметрлері (температура, қышқылдық (рН), лайлылық, электрөткізгіштік және тотығу-тотықсыздану потенциалы) өлшеніп, алынған деректерді өңдеу, талдау және визуализациялау әдістері қарастырылды.
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу барысында этикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық сипаттағы бұзушылықтар анықталған жоқ. Диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйелі түрде жоспарланған және кезең-кезеңімен орындалған. Зерттеудің жалпы логикасы ғылыми мәселені тұжырымдаудан, әдебиеттерге талдау жасаудан, техникалық шешімдерді негіздеуден, мультисенсорлық жүйені жобалау мен әзірлеуден, эксперименттік тексеруден және алынған нәтижелерді өңдеу мен түсіндіруден тұрды.

